

Бір тараптан Еуразиялық экономикалық одақ пен оған мүше мемлекеттер және екінші тараптан Индонезия Республикасы арасындағы еркін сауда туралы келісім жасаудың орындылығы туралы мәселені зерделеу жөніндегі бірлескен зерттеу тобы жұмысының қорытындылары туралы

Еуразиялық экономикалық комиссия Кеңесінің 2022 жылғы 15 сәуірдегі № 60 шешімі.

Индонезия Республикасымен еркін сауда туралы келісім жасаудың орындылығы туралы мәселені зерделеу жөніндегі бірлескен зерттеу тобының (бұдан әрі – бірлескен зерттеу тобы) Еуразиялық экономикалық комиссия Кеңесінің 2020 жылғы 11 қыркүйектегі № 19 өкіміне сәйкес қалыптастырылған қорытынды баяндамасын назарға ала отырып, Еуразиялық экономикалық комиссия Кеңесі шешті:

1. Жоғары Еуразиялық экономикалық кеңестің "Еркін сауда туралы келісім жасау туралы Индонезия Республикасымен келіссөздерді бастау туралы" шешімінің жобасы (қоса беріліп отыр) мақұлдансын және ол Жоғары Еуразиялық экономикалық кеңестің қарауына ұсынылсын.

2. Бірлескен зерттеу тобының жұмысы шеңберінде дайындалған, қоса беріліп отырған бір тараптан Еуразиялық экономикалық одақ пен оған мүше мемлекеттер және екінші тараптан Индонезия Республикасы арасындағы еркін сауда туралы келісім жобасының тұжырымдамалық ережелері мақұлдансын.

3. Осы Шешім ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік 10 күн өткен соң күшіне енеді.

Еуразиялық экономикалық комиссия Кеңесінің мүшелері:

Армения	Беларусь	Қазақстан	Қырғыз	Ресей
Республикасынан	Республикасынан	Республикасынан	Республикасынан	Федерациясынан
М. Григорян	И. Петришенко	Б. Сұлтанов	А. Кожошев	А. Оверчук

О начале переговоров с Республикой Индонезией о заключении соглашения о свободной торговле

2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шарттың 7-бабы негізінде Жоғары Еуразиялық экономикалық кеңес шешті:

1. Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттер Еуразиялық экономикалық комиссиямен бірлесіп еркін сауда туралы келісім жасау туралы Индонезия Республикасымен келіссөздерді бастасын.

2. Еуразиялық экономикалық комиссия Кеңесі осы Шешімнің 1-тармағында көрсетілген келіссөздерге арналған директиваларды бекітсін.

3. Осы Шешім ресми жарияланған күнінен бастап күшіне енеді.

Жоғары Еуразиялық экономикалық кеңестің мүшелері:

Еуразиялық экономикалық
комиссия Кеңесінің
2022 жылғы 15 сәуірдегі
№ 60 шешімімен
МАҚҰЛДАНДЫ

Бір тараптан Еуразиялық экономикалық одақ пен оған мүше мемлекеттер және екінші тараптан Индонезия Республикасы арасындағы еркін сауда туралы келісім жобасының ТҰЖЫРЫМДАМАЛЫҚ ЕРЕЖЕЛЕРІ

I. Кіріспе

Осы тұжырымдамалық ережелер Бір тараптан Еуразиялық экономикалық одақ пен оған мүше мемлекеттер және екінші тараптан Индонезия Республикасы арасындағы еркін сауда туралы келісімді (бұдан әрі тиісінше - келісім, тараптар) қамту бойынша өзара түсіністікті көрсетеді.

Настоящие концептуальные положения содержат перечень вопросов, касающихся торговли, подлежащих включению в соглашение без ущерба для финальной позиции сторон в ходе переговоров. Данный перечень не является исчерпывающим, в ходе переговоров могут быть включены дополнительные вопросы по согласию сторон.

II. Мақсаттар (түйінді қағидаттар)

Келісім жасаудың мақсаттары (түйінді қағидаттары) мыналар болып табылады:

тараптар арасында тауарлардың еркін сауда режимін белгілеуге бағытталған өзара тиімді уағдаластықтарды қалыптастыру;

келісімді имплементациялау және оны бірлесіп әкімшілендіру үшін қажетті тиімді рәсімдерді әзірлеу;

өзара мүдделілікті білдіретін сауда-экономикалық ынтымақтастықтың негізгі бағыттары үшін преференциялық жағдайлар жасау, ол тауарлардың өзара саудасындағы кедендік әкелу баждарының ставкаларын және өзге де тосқауылдарды ырықтандыруды да қамтуы мүмкін.

III. Міндеттер

Келісім жасаудың міндеттері болып табылады:

тауарлардың нарыққа қолжетімділігін кеңейту, сауданы оңайлату, оның ішінде тарифтік және тарифтік емес кедергілерді төмендету және жою арқылы оңайлату;

тараптар арасындағы сауда айналымын ұлғайту;

тараптар арасындағы сауда-экономикалық ынтымақтастықты дамыту және бәсекеге қабілеттілікті арттыру үшін қосымша жағдайлар жасау.

IV. Негізгі мәселелер

Келісім шеңберінде мынадай мәселелер реттелуге жатады:

1. Құқықтық және "сатылас" мәселелер

Келісім мерзімсіз кезеңге жасалуы тиіс.

Келісімнің тараптары 2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартта белгіленген өз құзыреті шеңберінде бір тараптан Еуразиялық экономикалық одақ және (немесе) оған мүше мемлекеттер және екінші тараптан Индонезия Республикасы болуы тиіс.

Келісім 1994 жылғы Тарифтер мен сауда жөніндегі бас келісімнің (бұдан әрі – 1994 жылғы ГАТТ) XXIV бабының 8 (b) тармағында белгіленген талаптарға сәйкес келуі тиіс.

Келісімде мыналар көзделуі тиіс:

келісімді әкімшілендірудің пәрменді тетіктері, оның ішінде тараптар өкілдерінің өзара іс-қимыл алаңдарын (қосалқы мамандандырылған органдар мен жұмыс топтарын қалыптастыру мүмкіндігімен бірлескен комитет құруды қоса алғанда) қалыптастыру;

келіссөздер мен консультациялардың басымдығы қағидатына негізделген және төрешілер панелін қалыптастырудың пәрменді тетіктерін көздейтін тараптар арасындағы ықтимал дауларды шешу рәсімі, ал осындай рәсім шеңберінде дауға бастамашылық ету үшін негіз ретінде тарап екінші тараптың шарасы келісімде көзделген оның міндеттемелеріне сәйкес келмейді деп пайымдаған кезде, келісімді түсіндіру және (немесе) қолдану ғана көзделуге тиіс;

1994 жылғы ГАТТ-тың XX және XXI баптарында көзделген тиісті ерекшеліктер;

халықаралық экономикалық қатынастардағы өзгерістерді ескере отырып, тараптардың пайдасын қамтамасыз ету үшін келісімді қайта қарау тетігі.

2. Тауарлар саудасы (нарыққа қол жеткізу)

Келісім:

тараптардың аумағынан шығарылатын тауарлардың қолжетімділігі үшін преференциялық жағдайларды көздеуге, сондай-ақ еркін сауда режимін берудің қосымша шарттарын қамтуы мүмкін;

еркін сауда режимінен тауар алуларының тізбесін белгілеуге;

тараптар аумағынан шығарылатын тауарлармен өзара саудада баждар алу жойылуға тиіс өтпелі кезеңдер белгілеуге тиіс.

Келісімде міндеттемелер, оның ішінде 1994 жылғы ГАТТ-тың I, III, VIII және XI баптарында көзделген тиісті міндеттемелер көзделуге тиіс.

3. Тауарлардың шығарылуын айқындау қағидалары

Тарифтік преференцияларды беру мақсаттары үшін келісімде тауарлардың шығарылуын айқындаудың преференциялық қағидалары белгіленуге тиіс, оларда мыналар қамтылуға тиіс:

тауарды тарап аумағынан шыққан деп тануға мүмкіндік беретін критерийлер (атап айтқанда, толық алынған тауарлардың тізбесін және өндіру кезінде таусылмайтын материалдар пайдаланылатын тауарлар үшін жеткілікті қайта өңдеу критерийлерін қамтиды);

тікелей беру шарттары;

тауарлардың шығарылуын құжаттамалық растауға қойылатын талаптар;

тараптардың кеден органдарына тауарлардың шығарылуын тексеруге және бақылауға мүмкіндік беретін верификация және әкімшілік ынтымақтастық тетіктері.

4. Ішкі нарықты қорғау шаралары

Келісімде ДСҰ-ның қолданыстағы келісімдерінде белгіленген қағидаларға сәйкес өзара саудада сауданы қорғау шараларын (демпингке қарсы, арнайы қорғау және өтемақы шаралары) қолдану мүмкіндігі, оның ішінде Индонезия Республикасының Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттерге қатысты тергеп-тексеру жүргізу және осындай шараларды жеке тәртіппен қолдану мүмкіндігі көзделуге тиіс.

Келісімде бір мезгілде қорғап тергеп-тексеру жүргізу, оның ішінде қайта қарау (шараларды айналып өту жөніндегі қорғап тергеп-тексеруді қоса алғанда) және тараптардың нарықтарына қол жеткізуді жақсартуға бағытталған сауда арқылы қорғау шараларын қолдану туралы нақтылаушы және қосымша ережелер көзделуі мүмкін.

Келісімде тараптардың уәкілетті органдары арасындағы өзара іс-қимылдың тиімді тәсілдері көзделуге тиіс.

Келісімде тараптардың екіжақты қорғау шараларын қолдану мүмкіндігі де көзделуі, оның ішінде Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттерге қатысты шараны қолдану форматы айқындалуы мүмкін.

5. Кедендік рәсімдер және сауданы оңайлату

Келісім тиімді кедендік бақылауды қамтамасыз ету және кедендік рәсімдерді қолдану кезінде кеден саласындағы ынтымақтастықты нығайтуға және сауда рәсімдерін оңайлатуға ықпал ететін болады.

Келісім импортқа, экспортқа және транзитке қатысты қағидалар мен рәсімдерді жаңғырту және оңайлату саласындағы озық практиканы ескеретін болады, сондай-ақ кедендік рәсімдердің транспаренттілігін және болжамдылығын арттыруға, тауарларды кедендік рәсімдеудің электрондық технологияларын дамытуға және тараптар арасындағы сауда айналымындағы тауарлар туралы электрондық ақпарат алмасуды ықтимал ұйымдастыруды қоса алғанда, тараптардың кеден органдары арасындағы ынтымақтастықты нығайтуға ықпал ететін болады.

Келісім кедендік және саудамен байланысты басқа да рәсімдер (ДСҰ ережелері, атап айтқанда, сауда рәсімдерін оңайлату туралы келісімнің ережелері және Дүниежүзілік кеден ұйымының құжаттары) саласындағы халықаралық нормалар мен стандарттарды тиімді жүзеге асыруға және қолдануға жәрдемдесуі тиіс. Келісім тиісті халықаралық стандарттарды (қажеттілігіне қарай) пайдалана отырып, сауда рәсімдерін

оңайлату саласында жақындасуға, үйлестіруге және ынтымақтастыққа жәрдемдесуге бағытталатын болады.

Келісім шеңберінде өзара түсіністікті нығайтуға, сондай-ақ кеден ісі мәселелерінде өзара әкімшілік көмекке бағытталған ынтымақтастық саласындағы іс-шаралар туралы мәселені қарауға болады.

6. Стандарттар, техникалық регламенттер және сәйкестікті бағалау рәсімдері

Келісім ДСҰ келісіміне 1 А қосымшада қамтылған Саудадағы техникалық кедергілер жөніндегі келісімнің ережелерін инкорпорациялауға және транспаренттілік, стандарттар, техникалық регламенттер, сәйкестікті бағалау сияқты салалардағы қосымша міндеттемелерді және саудадағы техникалық кедергілерге байланысты проблемаларды шешуге арналған тетікті қамтуға тиіс.

Келісімде техникалық регламентті немесе сәйкестікті бағалау рәсімін қабылдау мен олардың күшіне енуі арасындағы нақты уақыт аралықтарына (өтпелі кезеңдерге) қатысты тараптардың міндеттемелерін тіркеу көзделуге тиіс.

7. Санитариялық, ветеринариялық және фитосанитариялық (СФС) шаралар

Келісім ДСҰ келісіміне 1А қосымшада қамтылған Санитариялық және фитосанитариялық шараларды қолдану жөніндегі келісімнің ережелерін инкорпорациялауға тиіс.

Келісімде мыналар көзделуге тиіс:

СФС шараларының баламалығын тану мүмкіндігі мен шарттары, өңірлік жағдайлар тұжырымдамасын тану, сондай-ақ қолданылатын СФС шаралары бөлігінде транспаренттілік және ақпарат алмасу мәселелері;

ынтымақтастық тетіктерін құру, сондай-ақ өзара саудаға әсер ететін СФС шараларын қолдану мәселелерін шешу мақсатында консультациялар өткізу мүмкіндігі.

8. Зияткерлік меншік

Келісімде мыналар көзделуге тиіс:

өнертабыстарды, технологиялар трансферін, авторлық құқық және сабақтас құқықтар объектілерін, тауар белгілерін, өнеркәсіптік үлгілерді, селекциялық жетістіктерді, географиялық көрсеткіштерді және тауарлар шығарылған жерлердің атауларын және т. б. қоса алғанда, зияткерлік меншік объектілеріне құқықтарды қорғау саласындағы ынтымақтастық үшін тараптардың заңнамасына қатысты нұқсан келтірместен тиімді құқықтық ая;

құқық иеленушіге оның құқықтарының бұзылуы орын алды деген негізді күдік болған кезде тараптардың кеден органдарына зияткерлік меншікке өз құқықтарын қорғау шараларын қолдану талабымен өтініш беруге мүмкіндік беретін рәсімдер.

құқық иеленушіге оның құқықтарының бұзылуы орын алды деген негізді күдік болған кезде тараптардың кеден органдарына зияткерлік меншікке өз құқықтарын қорғау шараларын қолдану талабымен өтініш беруге мүмкіндік беретін рәсімдер.

9. Бәсекелестік

Келісім тараптардың өзара келісуі болған жағдайда тараптар оған сәйкес бәсекелестікті және бәсекелестік саясатты реттеу саласында ынтымақтаса алатын қағидаттарды (атап айтқанда, транспаренттілік, кемсітпеушілік, әділдік), сондай-ақ бәсекелестікке қарсы әрекет түрлерін айқындай алады және тараптарға саудаға теріс ықпал ететін компаниялардың бәсекелестікке қарсы әрекетін шектеу жөнінде қажетті шаралар қабылдауды ұсына алады. Келісімде ынтымақтастық нысандары ретінде мәселелерді талқылау және тараптардың уәкілетті органдары арасында құпия емес ақпарат алмасу, құқық қолдану қызметіндегі ынтымақтастық және тәжірибе алмасу көзделуі мүмкін.

10. Ынтымақтастық

Келісім тараптардың әртүрлі даму деңгейлерін, әлеуеті мен ерекшеліктерін ескере отырып, осындай салалардағы ынтымақтастықты ілгерілету тетіктерін құру мүмкіндігін қоса алғанда, өзара мүдделілік білдірілген салаларда салалық ынтымақтастыққа жәрдемдесу үшін база құруға бағытталуы мүмкін.

Келісім бәсекеге қабілеттілікті арттыруға және инновациялық қызметті дамытуға ықпал етуі, қосылған құны бар өнім өндірісін ынталандыруы мүмкін.

Келісім тұрақты даму мақсаттары сияқты халықаралық нормаларға сәйкес инклюзивті тұрақты дамуға күш салуы мүмкін.

11. Электрондық сауда

Келісім саудада электрондық технологияларды пайдалану (атап айтқанда, электрондық аутентификация және электрондық цифрлық қолтаңбалар, электрондық саудаға қатысушылардың дербес деректерін қорғау, қағазсыз сауда, деректерді трансшекаралық беру, электрондық құжаттарды пайдалану) мәселелері бойынша негіздемелік уағдаластықтарды бекітетін болады, бұл электрондық сауда шеңберінде қауіпсіздікті арттыруға және рәсімдерді оңайлатуға, компаниялардың шығындарын азайтуға (оның ішінде оның ішінде сыртқы сауда мәмілесін жүзеге асыру үшін талап етілетін уақытша мәмілелер).

12. Транспаренттілік

Келісім келісімнің ережелеріне қатысты ақпарат беру үшін тиісті нормативтік актілерді жариялау, анықтама орталықтарын және бірыңғай орталықтарды (байланыс пункттерін) құру туралы ережелерді қамтуға тиіс.